

## 2010 жылы Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне азаматтарды тіркеуден өткізуді ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы әкімінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 144 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қаңтарда N 5-13-69 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай ауданы әкімінің 2010 жылғы 07 шілдедегі N 150 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай ауданы әкімінің 2010.07.07 N 150 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабы 1 тармағы, 13 тармақшасы, 37 бабы және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабы негізінде, жастарды әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамды деңгейін анықтау мақсатында

**Ш Е Ш Е М І Н :**

1. 2010 жылдың қаңтар-науырызында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Огнев көшесі, 38 үй мекен-жайы бойынша «Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – қорғаныс істері жөніндегі бөлім) шақырту учаскесінде тіркеу өткізілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Катонқарағай ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Ж.Б. Тлеуберлинге (келісім бойынша) дәрігерлік куәландырудан өткізу үшін қажетті дәрігер, орташа медициналық персоналдың, сондай-ақ құрал-жабдықтардың қажетті санын бөлу

**ұ с ы н ы л с ы н .**

3. «Катонқарағай ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Г.Қ. Болғамбаева медициналық комиссияны қаржыландыру, шақырту учаскесіне тіркелетін азаматтарды және әскери оқу орындарына түсетін үміткерлерді медициналық куәландырудан өткізу, бекітілген жылдық бөлшектік қаржыландыру жоспарына сәйкес, ауданның бюджет қаражаты есебінен

**ж ү р г і з і л с і н .**

4. Ауылдық округтердің әкімдері тіркелуге жататын азаматтарды уақтылы

хабардар етіп, бекітілген кестеге сәйкес, ұйымшылдықпен келуіне тиісті шаралар қ а б ы л д а с ы н .

5. «Катонқарағай ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы М.С. Ішкібаевқа (келісім бойынша) тіркеуден өткізу кезінде шақырту учаскесінде құқық тәртіптің сақталуын, шақырту учаскесіне тіркелуден жалтарған адамдарды іздестіруді қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. «Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Д. Чүкібаева тіркеуді өткізу кезінде жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрған азаматтар арасынан техникалық қ ы з м е т к е р л е р д і б ө л с і н .

7. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы А.Д. Қаңтарбаевқа (келісім бойынша) тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеуден өткізудің қорытындылары туралы аудан әкімін хабардар ету ұ с ы н ы л с ы н .

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қ. С ә д у о в қ а жү к т е л с і н .

9. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Зайнулдин*